


«Келісемін»

Директордун оку өндірістік
жұмысы жөніндегі
орынбасары

 Б.Шаменова
«01» қыркүйек 2023ж.

Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі

«Бекітемін»

Жалағаш индустриалды-аграрлық
колледжінің директоры
Н.Абтикаликов


«01» қыркүйек 2023ж.

Құзыреттік орталығы туралы ереже

Мамандық:- «Ауылшаруашылығын механикаландыру» (07161600)

Біліктілік: - «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі»

Мамандық:- «Тамақтандыруды ұйымдастыру» (10130300)

Біліктілік: -3W10130302 «Аспазшы»

Жалағаш 2023 жыл

Құзырет орталығы туралы ереженің мазмұны

1. Жалпы ережелер: (құзыреттілік орталығының негізгі мақсаттары мен міндеттері; қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері; герминдер анықтамалары, қысқартулар);
2. Құзыреттілік орталығының ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымы: (шаттық құрылым; Орталықтың қызметіне басшылық жасау; орталық қызметкерлерінің функционалдық міндеттері мен жауапкершілігі) құзыреттілік орталығының басшысын құзырет пен біліктілік жағатын бөлімше менгерушісінің тиісті деңгейіне сәйкес деп айқындау ұсынылады.
Құзыреттілік орталығы басшысының орынбасары лауазымына Worldskills құзыреті (бар болса), басқа да кәсіби шеберлік конкурстары (бар болса) бойынша өңір бойынша бас саралшыны, тиісті құзыреттілік бойынша ТЖКБ ұйымының жетекші оқытушысын/шеберін тағайындау ұсынылады.
3. Құзыреттілік орталығының материалдық-техникалық базасы (оқу-өндірістік жабдықтардың тізбесі);
4. Қызметті педагогикалық және әдістемелік қамтамасыз ету (WS Чемпионаттарын өткізу жөніндегі әдістемелік және дидактикалық материалдар; WS чемпионаттары үшін әлеуетті қатысушыларды іріктеу жөніндегі әдістемелік материалдар; WS чемпионаттарына қатысушыларды даярлауға арналған бағдарламалар және т. б.; мамандық бейіні бойынша кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламалар және т. б.);
5. Қаржы-экономикалық және шаруашылық қызмет
6. Басқалары

Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі

«Келісемін»

Директордың оқу өндірістік
жұмысы жөніндегі
орынбасары

_____ М.Шаменова
«01» қыркүйек 2023ж.

«Бекітемін»

Жалағаш аграрлы-техникалық
колледжінің директоры


_____ Н.Абтикаликов
«01» қыркүйек 2023ж.

Құзыреттілік орталығының паспорты

Мекен-жайы (орналасқан жері): Жалағаш ауданы, Абай ,4

Басшы / менгеруші: Абдраманов Бакытжан Батырбексович, Аға шебер
(Аты-жөні, лауазымы)

Жалағаш ауданы, 2023 ж

Құзыреттілік орталығының паспорты:

1. Құзыреттілік орталығының төлқұжат деректері
(орталықтың мақсаты және функционалдық міндеттері)

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже Қызылорда облысы білім басқармасының «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі» КМҚК қосымша құрылымдық бөлімшесінің қызметін ұйымдастыру мақсатын, міндеттерін, функцияларын, тәртібін айқындайды, «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі» КМҚК базасы аясында құзыреттілік орталығының жұмысы жүзеге асырылады.

1.2. Осы ереже ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, «Жас маман» жобасы шеңбері аясында еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 қыркүйектегі №425 бұйрығының негізінде жасалынды.

1.3. Құзыреттілік орталығының құрылымы педагогикалық оң нәтижелері бар, заманауи материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базасы, Қызылорда облысының ТжКБ жүйесін және экономикасын дамыту үшін маңызды бағыттар бойынша инновациялық кәсіби тәжірибені қайта тарату үшін жоғары білікті кадрлық әлеуетке ие «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі» КМҚК базасында қалыптасады.

1.4. Құзыреттілік орталығы «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі» КМҚК-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады;

1.5. Құзыреттілік орталығының штаттық кестесін колледж директоры бекітеді;

1.6. Құзыреттілік орталығы өзара бірлесе жұмыс жасайды:

- ТЖКБ жүйесіне қатысты оқу орындарымен ғылыми-әдістемелік, кәсіптік бағдар беру және оқу қызметін ұйымдастыру мәселесі жөнінде;

-Жалағаш аудандық жұмыспен қамту орталығы;

-Кәсіпорындармен және әлеуметтік серіктестермен.

2. Орталықтың мақсаты мен міндеттері

2.1. Құзыреттілік орталықтың әлеуметтік-экономикалық миссиясы кәсіптік білімді қазіргі заманға сай етіп жаңғырту, Қызылорда облысының оқу орындарын басқарудың жалпы әдістемелік аспектілері олқылықтарының жедел орнын толтыру, сондай-ақ Қызылорда облысының ТЖКБ ұйымдарына тиімді әдістемелік көмек көрсету, өңір экономикасын бәсекеге қабілетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда облысының ТЖКБ ұйымдарының инженер-педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша сапалы қызметтер көрсету.

2.2. Құзыреттілік орталық қызметінің мақсаттары:

- **07161600** – «Ауылшаруашылығын механикаландыру» және **10130300** - «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша Worldskills Kazakhstan чемпионаттарына қатысу үшін аймақтық команда мен Қазақстан құрамасына бәсекеге қабілетті қатысушыларды даярлау инфрақұрылымын қалыптастыру;

- ТЖКБ білім беру ұйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қатарынан сарапшылар қауымдастығын қалыптастыру және оларды Worldskills Kazakhstan талаптарына сәйкес оқыту;

- Республикалық және Қызылорда облысының оқу орындарының озық практикалық тәжірибесін, шетелдік тәжірибені, сондай-ақ колледж жетістіктерін Қызылорда облысының ТжКБ ұйымдарының күнделікті практикада қолдануы үшін ретрансляциялау;

- өңір экономикасы үшін кадрлар даярлау саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту;

- ТжКБ жүйесінің кадрларын оқыту үшін кешенді ғылыми-практикалық және әдістемелік ресурстық база құру;

- кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін педагогикалық ғылым мен өндірістік практиканың зияткерлік, әдістемелік, кадрлық, материалдық - техникалық ресурстарын біріктіру;

2.3. Күзiретгiлiк орталықтың қызметтiк мiндеттерi:

- Құзыреттілік бойынша Worldskills Kazakhstan чемпионаттарына қатысу үшін бәсекеге қабілетті қатысушыларды дайындау;

- Worldskills Kazakhstan ұлттық командасы, Қызылорда облысының құрама командасы үшін резерв дайындауды қамтамасыз ету;

- кәсіби бағдарлау және кәсіби өзін-өзі анықтауды сүйемелдеу саласында қызметтер көрсету;

- WorldSkills халықаралық стандартқа сай мамандар кадрын даярлау;

- Worldskills Kazakhstan жаттығу жиындары мен өзге де іс-шаралардың өткізілуіне қатысу;

- Worldskills Kazakhstan чемпионатына қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес құзыреттер бойынша кәсіби мамандарды даярлау үшін материалдық – техникалық базаны жаңғырту және тиімді пайдалану;

- Worldskills Kazakhstan стандарттарына сәйкес құзыреті бойынша кәсіби мамандарды даярлау үшін әдістемелік база құру;

- Қызылорда облысының аумағында жұмысшы мамандықтарды танымал ету;

- Worldskills стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын түзету;

- Халықаралық чемпионат, Әлемдік чемпионат жарыстарының аймақтық кезеңдерін ұйымдастыруға қатысу;
- инфрақұрылымдық парақтарға сәйкес материалдық-техникалық база құру;
- жарыстардың аймақтық кезеңдерінің қағысушылары мен ұлттық құрама мүшелеріне арналған жағтығу процесстерін ұйымдастыру;
- сарапшыларға Worldskills стандарттарына сай білім беру (тағылымдамалар, семинарлар, тренингтер өткізу);
- ұлттық құраманы даярлау бағдарламасын әзірлеуге қатысу.
- еңбек нарығының сұранысына және тапсырыс берушілердің кәсіби қажеттіліктеріне жедел ден қоятын жоғары білікті инженерлік-педагогикалық ұжым қалыптастыру;
- кадрлардың біліктілігін арттыру және кәсіби даярлау жөніндегі мәлімделген қызметтерді практикалық ұйымдастыру үшін оңтайлы білім беру жағдайларын жасау және жүйелі түрде жанарту;
- жаңа техниканы, жабдықтарды, технологияларды, еңбектің озық өндірістік тәсілдері мен әдістерін игеру үшін әріптес кәсіпорындардан кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау процесіне жетекші мамандарды тарту;
- әлеуметтік әріптестермен практикалық өзара іс-қимыл жасау арқылы оқу процесіне тиімді педагогикалық және технологиялық жетістіктерді енгізу;
- кадрларды қайта кәсіби даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың оқу бағдарламаларына ақпаратты енгізу;
- педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жаңа техниканы, жабдықтарды, технологияларды зерделеу бойынша тағылымдаманы ұйымдастыру.

2.4. Күзiреттiлiк орталықтың қызмет функциялары :

- аналитикалық - диагностикалық қызмет - сауалнама жүргiзу, әлеуметтiк сауалнама жүргiзу, диагностикалаудың басқа да әдiстерi арқылы бiлiм беру процесiне қатысушылардың кәсiби ниеттерi мен бiлiм алу қажеттiлiктерiн мониторингтеу;
- инновациялық қызмет - инновациялық бағдарламалар мен жобаларды, өңiрлiк бiлiм беру жүйесiн дамытудың басым бағыттарын iске асыру бойынша оқу орнымен бiрлескен жұмысты ұйымдастыру; заманауи коммуникация құралдарын пайдалана отырып, бiлiм беру процесiне инновациялық бiлiм беру бағдарламалары мен жаңа бiлiм беру технологияларын енгiзу, өзектi инновациялық жобаларды сүйемелдеу.
- бiлiм беру қызметi - Қызылорда облысының ТжКБ жүйесiнiң мамандарын даярлау және қайта даярлау, инженер-педагог қызметкерлердiң бiлiктiлiгiн арттыру; ересек тұрғындардың жеке бiлiм алу траекторияларын құру және iске асыру үшiн жағдай жасау; тереңдетiлген және дамыта оқыту бағдарламалары бойынша қолжетiмдi бiлiм беру мүмкiнлiктерiн қамтамасыз ету.

2.5. Күзiреттiлiк орталықтың қызмет түрлерi:

- Қызылорда облысы ТжКБ жүйесi кадрларының бiлiктiлiгiн арттыру және қайта даярлау аймақтық әдiстемелiк семинарларын, курстарын ұйымдастыру;
- көшпелi және қашықтық әдiстемелiк iс-шаралар, семинарлар, конкурстар, мастер-кластар, тағылымдамалар және т. б. өткiзу.;
- Қызылорда облысы ТжКБ жүйесiнiң инженер педагог қызметкерлерiне консультациялық, әдiстемелiк, ұйымдастырушылық және техникалық қолдау көрсету;
- ересек тұрғындарды даярлау және қайта даярлау курстарын өткiзу;
- жұмыс берушiлердiң өтiмдерi бойынша бiлiктiлiктi арттыру курстарын ұйымдастыру және өткiзу;
- оқу өндiрiсiмен қызметтер көрсету.

2.6. Құзіреттілік орталықтың қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету:

- материалдық - техникалық, педагогикалық, ақпараттық, зияткерлік және басқа да ресурстар құзіреттілік орталық аясында оқу орнымен қамтамасыз етіледі;
- 3 бірлік мөлшерінде штаттық қамтамасыз ету (құзіреттілік орталық басшысы, құзіреттілік орталық әдіскері, өндірістік оқыту шебері) колледждің бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі
- Қызылорда облысы білім басқармасы жіберетін курсанттардың нысаналы топтарын қаржыландыру Қызылорда облыстық Білім басқармасы арқылы жүзеге асырылады.
- қосымша коммерциялық топтарды қаржыландыру жеке және заңды тұлғалармен жасалған шарттар бойынша курстардың құнын төлеу есебінен жүзеге асырылады.

2. Орталықта оқыту жүргізілетін біліктіліктер мамандықтарының коды және атауы

№	Мамандық атауы	Біліктілік атауы
1	07161600 - Ауыл шаруашылығын механикаландыру	3W07161603 - Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі
2	10130300 - Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 - Аспазшы

3. Құзыреттілік алаңдарының техникалық сипаттамалары (кесте нысанында толтырылады)

№ р.с	Орталықтың техникалық сипаттамалары	Ағымдағы көрсеткіштер	Ескерту (орталықтың санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі)
1.	«Ауылшаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша		
2.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша		